

Стратегиялық объектіні иеліктен шығару туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 26 шілдедегі № 975 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) 193-1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. «МұнайТас» Солтүстік – Батыс құбыр компаниясы» акционерлік қоғамына «Кеңқияқ – Атырау» мұнай құбырының талшықты оптикалық кәбілінде орналасқан бір модальық төрт оптикалық талшықты иеліктен шығару жөнінде мәміле жасасуға рұқсат
б е р і л с і н .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*